

"ЕВРАЗИЯ-ПРЕСС" республикалық редакция-баспа корпорациясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 18 мамыр N 1703. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік басқару органдары құрған бұқаралық ақпарат баспа құралдарының құрылымын жетілдіру, олардың нарыққа көшу жағдайында ойдағыдай жұмыс істеу үлгісін пысықтау, Қазақстан және одан тысқары жерлерде болып жатқан жаңа қоғамдық-саяси және экономикалық процестерді неғұрлым жүйелі әрі толығырақ жазып көрсету, бірыңғай евразиялық ақпарат кеңістігін қалыптастыру мақсатында қаулы етемін:

1. "Азия", "Казахстанская правда" газеттері, "Азия-пресс" ақпарат агенттігі, сондай-ақ еріктілік негізінде оған кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар құрамында "Евразия-пресс" республикалық редакция-баспа корпорациясы құрылсын.

2. "Евразия-пресс" республикалық корпорациясының басшысын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және босатады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- екі айлық мерзімде "Евразия-пресс" республикалық редакция-баспа корпорациясы туралы" ережені бекітсін;

- корпорацияның материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде шаралар қолданып, корпорацияға кіретін газеттердің ағымдағы қызметін бюджеттен қаржыландыру көлемін қайта қарайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

- қазіргі уақытта "Азия" және "Казахстанская правда" газеттерінің пайдалануындағы мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқығын мемлекет атынан жарна ретінде корпорацияға беретін болсын;

- екі айлық мерзім ішінде "Евразия-пресс" республикалық корпорациясының құрылтай құжаттарының пакетін бекітсін.

5. Орталық мемлекеттік басқару органдары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері корпорациясының қызметіне байланысты мәселелерді жедел шешіп отыруға жәрдем көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 18 мамыр
N 1703

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК